



Әлия МАНАПОВА,

тарих ғылымының кандидаты, Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының ғалым хатшысы:

ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ ҚОЛА ДӘУІРІ БОЛДЫ

– Әлия апай, диссертациялық жұмысыңыз «Әлкей Марғұлан – археолог» деп аталған екен. Ғалым археологияға түбегейлі бет бұрғаннан кейін зерттеулерін ең алдымен қай өңірлерден бастады?

– Әлкей Марғұлан Қазақстан археологиясының көш бастаушысы болды және археология ғылымының қалыптасып, дамуына өлшеусіз үлес қосты. Археолог ғалымның өмірі мен қызметі Қазақстан археологиясы тарихында толық бір кезеңді қамтиды. Әлкей Хақанұлын «Қазақ археология ғылымының атасы» деп атау орынды.

Негізі, археология секторы 1946 жылы тарих, археология және этнография институтының құрамында ұйымдастырылды. 1946 жылдың шілде айында секторды басқарушы Ә.Марғұлан мен Жамбыл археологиялық пунктiнiң ғылыми қызметкерi Г.И.Пацевичтен өзге ғылыми қызметкер болмады. Осы жылы тікелей Ә.Марғұланнның ұйымдастыруымен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылды. Аты Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы болғанымен, экспедиция Қазақстанның барлық аймақтарында, Оңтүстік, Батыс Қазақстан өңірлерінде де зерттеу жұмыстарын жүргізді. 1946-1956 жылдар аралығында өте кең территорияны: Қаратаудың солтүстік беткейін, Шу өзенінің төменгі етегін, оңтүстігінде Сарысуды, шығысында Шыңғыс тауын, батысында Іле, Сағыз, Жем өзендерінің бассейнін қамтыды. Ғалым өз зерттеулерінде кең ауқымды аймақтарды ғана емес, хронологиялық шеңбері кең ескерткіштерді, неолит дәуірінің тұрақтарын, Беғазы-Дәндібай және Андрон мәдениетінің қоныстары мен қорымдарын, ежелгі көшпенділердің археологиялық ескерткіштерін, тас мүсіндер мен тасқа салынған

суреттерді, ирригациялық құрылыстар (ирригация – жерді қолдан суландыру) мен ежелгі керуен жолдарын, VIII-X ғасырлардағы тастан жасалған архитектуралық ескерткіштер мен ортағасырлық қалаларды, XIII-XIV ғасырлардағы кесенелер



Жезқазған қаласындағы экспедиция кезінде

мен XIV-XIX ғасырлардағы қазақ күмбездерін қарастырды. Академик зерттеу жұмысын бастаған өңір – Орталық Қазақстан аймағына экспедициялардың қорытындылары ежелгі дәуір сырларын ашып берді.

1950 жылы Ә.Марғұлан «Ежелгі Қазақстандағы қалалар тарихы мен құрылыс өнері» атты көлемді монографиялық еңбегін жариялады. Онда ғылым әлемінде тұңғыш рет Қазақстандағы қала өркениетінің негізгі орталықтарына түгелдей әрі жан-жақты ғылыми сипаттама беріп, терең талдау жасады. Бұл – ортағасырлық Қазақстан қалалары жөніндегі алғашқы еңбек. Академиктің одан кейінгі

іргелі зерттеуі – К.Ақышев, Ә.Оразбаев, М.Қадырбаевтармен бірігіп жазған «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты ұжымдық монографиялық еңбегі. Аталмыш еңбек 1967 жылы Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығын иеленді. Ал

ғалымның өзінің келелі зерттеу еңбегі, көп жылдар бойғы зерттеу жұмыстарының жемісті қорытындысы – «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті» монографиясы археологиялық ғылыми әдебиеттің алтын қорына енді.

Ғалымның басқаруымен құрылған экспедицияның алғашқы зерттеуі Мойынты, Сарысу өзендері бойымен Бетпақдаладан Ұлытауға дейінгі алқапты, Жіліншік өзенінің жоғарғы ағысын, Кеңгір,

Жезді, Байқоңыр, Бұланты өзендері өңірін қамтыды. 1949 жылы Ақшатау тауы, Шерубай-Нұра өзенінің құймасы, Соқыр өзенінің төңірегіндегі қола дәуір ескерткіштерін зерттеді. Кең ауқымды археологиялық қазба жұмыстары 1950-52 жылдары Ә.Марғұланнның басшылығымен, археология бөлімінің қызметкерлері Г.И.Пацевич, К.А.Ақышев, А.Г.Максимова, Т.И.Сенигова, суретші Агаповтардың қатысуымен жүргізілді.

1955 жылы Ә.Марғұлан кезекті мақаласында «Саңғыру I, III, Айдарлы зираты, Атасу I қоныстарына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қола дәуірінің жер-

леу орындары және Ақсай, Дарат, Сартабан, Бақсай өзендерінің жағасынан тас мүсіндер табылды» деп көрсетті. 1961 жылы Ұлытау даласының батыс бөлігіндегі қола дәуірі ескерткіштері, соның ішінде Ұлытау қонысы және Жанайдар қорымдары зерттелді. 1962 жылы Қарқаралы I, II, III қоныстарымен бір мезгілде Қарқаралы даласының шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігі, Кент, Боқты, Темірші, Көкшетау, Соран, Абыралы таулары, Талды, Түндік, Қазанғап өзендерінің бойларынан қаланған жасалған құралдар, қару-жарақтар табылып зерттелді.

– Әлкей Марғұланнның Қазақстандағы ежелгі заман ескерткіштерін зерттеуге қосқан үлесі қандай?

– Ә.Марғұлан – археология ғылымының барлық саласын жетік меңгерген ғалым. Академиктің ежелгі заман ескерткіштерінің ішінде тас дәуірі ескерткіштерін зерттеуі кешенді болмағанымен, Қазақстанда жүргізілген зерттеулерді саралаған еңбектері мол. Оның 1998 жылы жарық көрген шығармалар жинағының I томында тас ғасыры ескерткіштерінің зерттелуіне жан-жақты сараптама жасалған. Ғалым осы еңбегінде соңғы 40 жыл ішінде Қазақстанда неолит ескерткіштерін табу мен зерттеуде археологтар көп жұмыс істегендігін талдай отырып жазды. Әр аймақта жүргізілген зерттеулерге, әр зерттеушінің еңбегіне жеке-жеке тоқталды. Әлкей Хақанұлының зерттеулерінің негізгі бағыты қола дәуірі болды. Қола дәуірі ескерткіштері басқа тарихи кезеңдерге қарағанда көбірек зерттелгенімен, көптеген мәселелер әлі де түбегейлі шешіле қойған жоқ. Мұның өзі отандық археология ғылымының үздіксіз даму үстінде екендігін көрсетеді. Қазақстанның соңғы қола кезеңі мәдениетін зерттеу отандық археология тарихының ерекше маңызды тұсы болды.

Орталық Қазақстаннан табылған қола дәуірінің аса ғажайып мәдени мұрасы – Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштері зерттеліп, дүниежүзілік ғылымға жария болуына Ә.Марғұланның сіңірген еңбегі айрықша зор. Ғалымның ғылыми ізденістерінің нәтижесінде Қазақстанда археологиялық және этнографиялық зерттеулердің берік іргетасы қаланды.

– Әлкей Марғұлан Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштерін зерттеу жұмыстарын қалай жүргізді?

– Тарих ғылымында Беғазы-Дәндібай мәдениеті деген атау Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Беғазы тауының етегінен табылған қорымдардың және 1932 жылы археолог М.П.Грязнов Нұраның жағасында

бұл аудандар қола мәдениетінің кіндігі, орталығы екенін айғақтайды. Ғалымның оған келтіретін дәлелдері жеткілікті. Соның бірі – байырғы тілдерде кездесетін жез (иез) ұғымы. Әлкей Хақанұлының айтуынша, Беғазы атауы ежелгі түркі тіліндегі «биік» және «аз» деген екі сөздің бірігуінен шыққан. Мұндағы «биік» сөзі дыбыс үндестігінің әсерімен «бек», «бегі» болып өзгерген. Ал «аз» сөзі – сол кездегі тайпаның атауы. Сонда Беғазы атауы «Аздардың биігі» деген мағынаны білдіреді. Ғалымның бұл пікірін Қазақстан жер-су атауларының сөздігін жасаушы Е.Қойшыбаев та қуаттайды.

– Ғалым металлургия ғылымы саласында қандай зерттеулер жүргізді?

– Ғұлама ғалым қазақ дала-

қалыптасу тарихы берілген. Ғалымның салып кеткен жолы қазіргі уақытта археолог ғалымдарының зерттеулерімен жалғасын табуда.

– Ал ежелгі дәуір ескерткіштері тобын құрайтын су қоймалары мен тоғандар ғалымның зерттеулерінен қандай орын алды?

– Қола дәуірінен бері қарай келе жатқан тағы бір ескерткіштер тобы – су қоймалары мен тоғандар Ә.Марғұлан еңбектерінде ерекше орын алған. Қарапайым адам мүлде көңіл аудармайтын, жер бетінде нобайы ғана сақталған бұл тоғандарды тауып, зерттеп, жобасын сызу тек Ә.Марғұлан секілді ғұлама ғалымның қолынан келді. Ол кісі оннан астам тоғанға сипаттама беріп, сызбасын жасады. Ә.Марғұлан археоло-

гия институтының мұрағатында сақталған күнделігінде: «Табиғаттың қолайлылығына, байлығына байланысты Қорғалжын жазығы әртүрлі мал шаруашылығымен айналысатын тайпаларды өзіне тартып отырған. Қорғалжын өзені территориясына келгенде ежелгі және ортағасырлық суару каналдарына көңіл аудардық. Олар Қорғалжын өзенінің шығыс және оңтүстік-шығыс жазығын жалғап тұрған. Бұл аудан жер игерушілердің орталығы болды, әлі

күнге дейін көрініп жатыр», – дей келе, сол маңайдағы барлық өзен-көлге сипаттама беріп, Нұра өзенін суландыру жүйесінің сызбасын жасаған.

Сонымен қатар Ә.Х. Марғұлан «мұртты қорғандарды» зерттеушілердің алғашқыларының бірі болды деуімізге болады. Сарыарқадағы сақтардың өнерін, дүниетанымын көрсететін тас бетіндегі суреттердің ірі тобын тауып зерттегенін де атап өту қажет.

– Әлкей Марғұланның Қазақстандағы ежелгі заман ескерткіштерімен қатар ортағасырлық ескерткіштерді де зерттегені белгілі.

Ғалымның бұл бағытта ашқан қандай жаңалықтары бар?

– Отандық ғылымда

Ә.Марғұланның ортағасырлық ескерткіштерді зерттеудегі орны ерекше. Оның жан-жақты ғылыми-зерттеу еңбектерінде ортағасырлық Қазақстандағы қыпшақтардың этно-мәдени құрылысы мәселесі маңызды орын алды. Шығыстанудың ленинградтық классикалық мектебінен алған білімі оның мұсылман әлемінің жазба ескерткіштерін: араб, парсы, ежелгі түркі жазбаларын түпнұсқадан оқуына мүмкіндік берді. Ол ортағасырлық көптеген ғалымдардың еңбегін ғылыми айналымға қосты. Ә.Марғұлан Коммунистік партия қатарында болмағандықтан, оны шетелдерге іссапарларға жібермеді. Бірақ ол шетелдік қолжазба қорларында, әсіресе Түркия мен Египетте түркі халықтары мен тайпалары, оның ішінде қыпшақтар жөнінде араб, парсы, түркі қолжазбалары бар екенін білді және оларды зерттеу қажеттігін үнемі ескертіп отырды. Ғұлама ғалымның ойын оның шәкірті Б.Е.Көмеков іске асырып келеді.

Ә.Марғұлан «Қыпшақтар көшпенді тұрмыс құра жүріп, көпсалалы шаруашылықпен шұғылданған. Олар мал да бақты, егін де салды, аң аулап, кен де қорытты, саудамен, басқа да әрқилы кәсіппен айналысты» деген қорытындыға келді. Осындай зерттеуінің бірі – XIV ғасырдың бірінші жартысына тән деп танылған, ғалымның өзі тапқан Нұрадағы қыпшақ қабірі. Ғалым қыпшақ қабірін жан-жақты зерттей келе, 1959 жылы ғылыми мақаласын жариялады. Ал 1970 жылы «Лениншіл жас» газетіне басылған «Дана Қорқыт» атты мақаласында оғыз-қыпшақ тайпаларының таралу аймақтарына тоқталып өткен.

Қазақ жеріндегі тас мүсіндерді ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттеген ғалым – академик Ә.Марғұлан. Оның Ұлытау төңірегіндегі осындай ескерткіштерге арналған еңбегі қазақ тілінде жазылғандықтан, ғалымдардың көбінің назарына ілікпеді. Бұл салада шұғылданып жүрген кейбір зерттеушілер тас мүсінде бейнеленген адамдардың киімі мен қару-жарақтарына сипаттама беріп, ескерткіштердің қай ғасырға жататындығы туралы айтудан ары аспады. Ал тас мүсіндерді тауып, көзімен көріп, қолымен ұстаған Ә.Марғұлан бұл жөнінде салиқалы ой айтып, ғылыми тұжырым жасаған болатын. Сөйтіп, бұл ескерткіштер



Ә.Марғұлан жөнінде құжаттар жинау. Омбы мұражайының кітапханасында. 1958 жыл

зерттеген ғажайып сәулет туындысы Дәндібай кесенелерінің атымен аталған. Ә.Марғұлан Орталық Қазақстанда көп жылдар бойы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, сол аумақта табылған ескерткіштердің қола дәуірінің соңғы кезіне тән ерекшеліктерін ескере отырып Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп атауды ұйғарды. Беғазы-Дәндібай іспеттес қола дәуірінің бай мәдени мұрасы Орталық Қазақстаннан табылуы дүниежүзілік ғылымда жоғары маңызға ие болды. Өйткені осы кезге дейін әлемдік археология ежелгі өркениетті тек Жерорта теңізі маңынан ғана іздеп келген еді. Ә.Марғұлан мыс пен жезге негізделген өркениет кенді аймақтарға шоғырланғанын және

сында металлургияның дамуына көп көңіл бөліп, ежелгі металлургияның көптеген ескерткіштерін ашып, өзіндік сипаттамасын берді. Ол көп жылғы археологиялық зерттеулерінің негізінде «Орталық Қазақстанда қола дәуірінде жоғары дәрежеде металлургия, оның ішінде, мыс, қола т.б. түсті металл өндіру дамыды» деп көрсетті. Ғалымның шығармалар жинағының екінші томы «Сарыарқа. Қола дәуіріндегі тау-кен ісі және металлургиясы», «Жезқазған – көне және ортағасырлық металлургия орталығы» деген екі бөлімнен тұрады. Геологиялық және археологиялық зерттеулердің қорытындыларын негізге ала отырып жазылған еңбекте металлургияның даму және

– қазақ халқының ерте замандарда осы өңірді мекендеген ата-бабаларының мұрасы екендігін ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

– Бір жазбаңызда «Академик Әлкей Марғұлан Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеудің негізін қалаушылардың бірі болды» деген екенсіз. Ғалым нақты қай қалаларды зерттеу нысанына айналдырды?

– 1946 жылы Ә.Марғұлан ежелгі керуен жолының бойында жатқан отырықшы мәдениет қалдықтарын зерттеу мақсатында Қаратаудың солтүстік беткейі мен Шу өзенінің төменгі ағысында барлау жүргізіп, Тастөбе, Созақ, Баба-ата, Шолаққорған, Саудакент, Күлтөбе, Ақтөбе, Ақсүмбе қалаларын, Ақсүмбе мұнарасын зерттеді. Қалалардың тарихи-топографиялық жобасын сызды. Зерттеу кезінде ғалым ежелгі отырықшы мәдениеттің шекарасы Қаратаудың солтүстігіне, Шу, Сарысу өзендерінің төменгі ағысына және Жетіқоңыр төңірегіне дейін созылып жатқанын көрсетті. Ә.Марғұлан Қазақстанның ортағасырлық қалаларын зерттеудің негізін қалаушылардың бірі екендігін оның 1950 жылы шыққан «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан» деген еңбегі дәлелдей түседі. Бұл кітап ортағасырлық Қазақстандағы, нақтылай түссек, Жетісудан Оралға дейінгі қалалар жөніндегі бірінші еңбек болды. Онда отырықшылық дәстүр қазақта ерте кезден келе жатқаны археологиялық, архитектуралық материалдар негізінде дәлелденіп көрсетілді. Ғалымның осы пікірін кейінгі зерттеушілер толығымен қуаттады.

Сонымен қатар, Әлкей Хақанұлы алғаш болып Орталық Қазақстан аумағындағы қоныстар мен қалашықтардың археологиялық сипаттамасын берді. Ол жергілікті барлау мен ортағасырлық авторлардың жазбалары негізінде ортағасырлық дәуірде Орталық Қазақстанның өзенді және таулы аймақтарында қала мәдениетінің болғандығы туралы мәліметтер бере отырып елу шақты қала мен қалашықтардың барын айтты. Академик бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Шу, Сарысу, Кеңгір өзендері бойындағы, Қаратаудың



1972 жыл, Жезқазған

солтүстік және оңтүстік қыраттарындағы ортағасырлық қалаларды зерттеді. Ғалым Талхир, Отырар, Тараз, Сауран, Құлан, Мерке, Сайрам, Сарайшық сияқты тарихи қалалар жөніндегі жазба деректерді, аңыз-әңгімелерді, ертегілер мен эпикалық жырлар нұсқаларын ел арасынан көптеп жинады. Қазақстанның қала мәдениетін Еуразия қала мәдениетінің өркендеуімен салыстыра отырып сараптама жасады. Ә.Марғұлан Сарыарқа қала мәдениетін зерттеуге қосқан үлесі аса зор болды. Ғалым ондағы қолөнер мекендерін, қалаларды, қала орталықтарын көрсетіп берді. Сонымен қатар, отандық археологтардың арасынан бірінші болып 1950 жылы Ә.Марғұлан қазіргі Атырау қаласынан 50 шақырым жердегі Сарайшық қаласының орнына археологиялық зерттеу жұмысын жүргізді. Бірақ осыдан кейін археологиялық қазба жұмысын

жүргізілген жоқ. 1996 жылы ғана археолог З.Самашевтің басшылығымен Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының экспедициясы қазба жұмыстарын жалғастырды.

– Қазір Ә.Марғұлан бастаған археологиялық қазба жұмыстары жалғасын қалай табады?

– Ғалым 1946 жылы құрған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қазіргі уақытқа дейін жұмысын жалғастырып келеді. 1989 жылдан бастап археология институтының ұйымдастыруымен «Марғұлан оқулары» атты ғылыми конференция өтіп тұрады. Конференцияда Марғұлан мұраларымен қатар, онымен сабақтаса жалғасып келе жатқан, жыл сайын жүргізілетін археологиялық зерттеулердің қорытындылары талқыланады. 1991 жылғы 6 қыркүйектегі Қаз КСР ҒА Президиумының қаулысымен Археология инсти-



Солдан оңға қарай: С.Балиев, Ә.Марғұлан, Ш.Шөкин, С.Бейсенбаев, А.Нүсіпбеков

жүргізу оңайға түскен жоқ. Халқымыздың барлық алдыңғы қатарлы азаматтары секілді Ә.Марғұлан да қуғын-сүргінге ұшырады. Осы кезеңдерде орган қызметкерлерінің бақылауында, өз қызметтестерінің сынағында болды. Бірнеше жыл жұмыссыз жүрді. Алайда өзі жас кезінен таңдап алған ғылым жолына адал болды. Ең қызығы, содан 1996 жылға дейін Сарайшық қаласында қазба жұмыстары

тутына академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның есімі берілді. Бүгінде институт ғалымдары мен аймақтардағы археолог ғалымдар академик Ә.Х. Марғұланның сара жолын ары қарай жалғастыруда. Ал 2008 жылы қаңтар айында Ұлттық Ғылым академиясының бас ғимаратының жанына академиктің ескерткіші қойылды.

Сұхбаттасқан
Марфуға ШАПИЯН